



Түзгісін:

«Алтын Көпір» бөбекжай-
балалар бағдарламасын ұйымдастырушысы
Сейталиева К.К.

Мерекелік ертеңгілік
«Келіңіз күзде, көңілді бізде!»
«Бәйтерек» ересек тобы



Тәрбиешілер:

Сабденова Г.Қ.

Тажиева Г.О.

Музыка жетекшісі:

Саулимбаева А.

Шымкент
2022



Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Келіңіз күзде, көңілді бізде!

Балалардың әдемі кіруі.

Ітәр: Қайырлы күн құрметті қонақтар, әріптестер!

Алтын күздің көңілді күнінде сіздермен қауышқанымызға қуаныштымыз. Қай мезгіл болса көңілді күніміз көп болсын.

Армысыздар халайық!

Бармысыздар халайық!

Күз ханшайымы келіпті,

Келіндер қарсы алайық!

Күз ханшайымы:

Ал балалар не тұрыс. Өнерімізді көрсетпейміз бе?

Ән: Күз, күз, күз.

Тақпақтар:

Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан, алуан жапырақ,

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Алақай, алақай!

Шаттанды балақай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Күн шуаққа маужырап,

Жатыр еді атырап.

Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Қарашы күз келді, күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді.

Қус біткен керуен түзеді

Қара бұлт қабағын түйеді.

Егінім пісті алқапта,

Қазағымның ырысы.

Төрт түлігім семірді,

Көз тартады тұрысы.

Қамба толы астыққа

Алғыс саған алтын күз.

Бір ұыс дән шаштық та.

Қап қап астық алдық біз.

Жемісі мол теретін,

Күз дос екен бізбенен.

Бәрін тауып беретін,

Жомарт екен күз деген.

Би:

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Шегірткелер мұңайып шығады.

Жүргізуші: -Ойй қош келдіңдер, сендер деген өте көңілді жұртін едіңдер ғой. Түрлеріңе не болған?

Шегірткелер: -Күн суып кетті, тоңып қалдық.

-Жаңбыр жауды, үстіміз су болды.

Жүргізуші: -Шегірткелер сендер мұңаймаңдар. Біздің балалармен мереке тойлаңдар. Сосын сендерге үй тұрғызып береміз.

Қуанып кеткен шегірткелер:- Біз тақпақ айта аламыз, би билей аламыз, ән де айта аламыз.

Жүргізуші: -Қандай тамаша, келіңдер ендеше біздің балалармен бірге көңіл көтеріңдер.

Ән:

Тақпақтар:

Берекелі, мерекелі

Келді жомарт алтын күз.

Қалада да, далада да

Жанның бәрі жарқын күз.

Осень, осень не спеши

И с дождями подожди

Дай еще нам лето

Солнышко и света.

Ән салайық күліңдер.

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Күздің тойын тойлайық.

Би билейік ойнайық.

Алтын, алтын сары алтын.

Алтын күзде нұр жатыр.

Біз бақшаға баратын,

Алақай ау күн жақын.

Күздің қазан айында,

Алма, алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр сыбдыр етеді.

Қазан айы жасай бер.

Бар өмірдің белесі.

Адамзатқа бақ берген.

Он екі айдың төресі.

Миновало лето

Осень наступило.

На полях и в рощах

Пусто и уныло.

Би: Көңілді би.

Әтеш келеді: -Жаңа осында қарай екі шегіртке кіріп кеткен еді ғой. Қайда олар, шоқып шоқып жеп, қарнымды тойдырайын. Ку-ка-ре-ку!

Күз ханшайымы: -Әтеш сенің мұның қалай? Қазір егістікте дән өте көп емес пе? Неге шегіртке қуып жүрсің?

Әтеш:- Ойй сіз кімсіз? Ертегідегідей киініп алыпты өзі ха-ха-ха, ку-ка-ре-куууу.

Күз ханшайымы: -Әтеш мені ашуландырдың, ендеше сиқырымды тамашала..

Дауылдатып, желдетіп.

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Сиқырымды қосамын.

Әтештің басын доңызға,

Ауыстырып қоямын.

Әтеш: - Ахххх мынау не, менің түмсығыма не болды. Менің басым қайда. Балалар мені сиқырлап қойды ма? Бұл кім өзі? Көмектесіңдерші балалар.

Жүргізуші: -Жылама әтеш бұл кісі күз ханшайымы ғой.

Әтеш: -Мені кешіріңізші, мен енді жәндіктерге тиіспеймін.

Күз ханшайымы: -Жарайсың әтеш. Осы жақсы ойың үшін сиқыр күшін жоямын. КУФ-СУФ.

Әтеш: -Алақай, мен сондай қуанып тұрмын. Балалар сендермен бірге мерекені тойласам бола ма?

Би билегім келіп тұр.

Жүргізуші: -Әрине болады. Ең алдымен балалардың тақпақтарын тыңдап алайық.

Тақпақтар:

Дала сары киінді,

Самал соқты салқындау.

Қырымандарға үйілді.

Алтын астық, алтын тау.

Сап-сары маңай

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Жапырақтар сарғайып,

Күн бұлтты болады.

Жаңбыр жиі жауады.

Құстар ұшып барады.

Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз,

Кемелденсін халқымыз.

Күзде жауын, бұлт-тұман,

Сары жапырақ жауады.

Сары құйын ұйытқып,

Сапырады даланы.

Жайдары күз, жомарт күз.

Аяулы күз, алтын күз.

Данге толы кең далам,

Дариядай шалқып жүр.

Вот и осень, наступило

Дождик капает с утра.

Но погода не боится

Озорная детвора.

Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды.

Күз әуені кеп жетті,

Әнге бөлеп жастарды.

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді,
Жарқыраған сәулелі,
Күз әуені төгілді.

Жеміс-жидек пісті
Қамбаға кеп түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.
Би:

Күз ханшайымы: -Жарайсыңдар балалар! Сендер сондай өнерлі екенсіңдер. Менің сендерге арнап әкелген сыйлықтарым бар. Қарсы алыңдар. Ал балалар мен бақа да балаларға барайын. Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: -Құрметті қонақтар «Бәйтерек» тобының сіздер үшін ұйымдастырған ертеңгілігіміз осымен тәмам. Назарларыңызға рахмет! Ал балалар біз аулаға шығып, шегірткелерге үй тұрғызайық. Қош сау болыңыздар.



Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

